

Телекоммуникациялар мен пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына келетін пайда мөлшерлемесін есептеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 28 қантардағы № 105 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2016 жылы 27 ақпанда № 13296 болып тіркелді.

"Байланыс туралы" Қазақстан Республикасы Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 114) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 12.07.2024 № 392/НК (22.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Телекоммуникациялар мен пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына келетін пайда мөлшерлемесін есептеу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті (Т.Б. Қазанғап):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және

даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрлік  
міндеттін аткарушы

Ж. Қасымбек

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрлік міндеттін аткарушы  
2016 жылғы 28 қаңтардағы  
№ 105 бұйрығымен бекітілген

**Телекоммуникациялар және пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына келетін пайда мөлшерлемесін есептеу жөніндегі нұсқаулық**

## 1-тaraу. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – КР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлік 08.04.2019 № 119/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Телекоммуникациялар мен пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына келетін пайда мөлшерлемесін есептеу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасы Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 114) тармақшасына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлік 12.07.2024 № 392/НҚ (22.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Нұсқаулық телекоммуникациялар мен пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына келетін пайда мөлшерлемесін есептеуді нақтылайды.

3. Нұсқаулық телекоммуникациялар мен пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін пайданы негізді есептеу мен алу мүмкіндігі мақсатында әзірленді.

4. Осы Нұсқаулықта қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) леверидж - қаржыландырудың жалпы құрылымындағы субъектінің заемдық және жекеменшік капиталының арақатынасын сипаттайтын шама, яғни негізгі құралдарға жүргізілген соңғы қайта бағалауды ескеріп барлық капитал құрылымындағы (меншік және заемдық капиталдың сомасы) нақты қарызға алынған қаражаттардың үлесі. Леверидждің деңгейі нөлден кем емес шама болып табылады. Субъектінің жеке капиталының теріс мәні жағдайында, леверидж деңгейі бірге тең шама ретінде қабылданады;

2) қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы – меншікте және өзге де занды негіздерде орналасқан, телекоммуникациялар мен пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері саласындағы оператордың бухгалтерлік теңгерімінде көрінетін және қызметтерді өндіру және (немесе) көрсету кезінде пайдаланылатын активтердің құны;

3) қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына келетін пайда мөлшерлемесі - телекоммуникациялар мен пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері саласындағы оператор капиталының құнына сәйкес келетін операциялық пайданың нормасы.

**2 тарау. Телекоммуникациялар мен пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері саласындағы қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына келетін пайда мөлшерлемесін есептеу тәртібі**

**Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – КР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 08.04.2019 № 119/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.**

5. Субъектінің іске қосылған активтердің реттелетін базасына пайда мөлшерлемесі табыс нормасын айқындастырып, қарыз капиталын пайдаланғаны үшін төлеуге тиіс капиталдың орташа өлшенген құнының әдісі арқылы айқындалады.

Капиталдың орташа өлшенген құнының экономикалық есептеу мағынасы инвестициялық жобаның ең төменгі табыс деңгейін (пайдалылық, рентабельділік) есептеуден тұрады. Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына келетін пайда мөлшерлемесі, бұл инвестор қаржыландыруды тарта алатын пайыз мөлшерлемесі.

6. Қарыз қаражатына сыйақы мөлшерлемесі мына формула бойынша айқындалады:  
$$rd = rf + BC,$$

**Мұндағы:**

rd – қарыз қаражатына сыйақы мөлшерлемесі;

rf – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі негізге алына отырып айқындалатын тәуекелсіз мөлшерлеме;

БС (борыштық сыйақы) – Субъект шығарған және егер борыштық міндептемелерді шығару орын алған болса, айналымдағы сол мерзіміндегі мемлекеттік бағалы қағаздарға қатысты айналымдағы борыштық міндептемелерге арналған сыйақы негізінде айқындалатын Субъект бойынша тәуекелге арналған борыштық сыйақы. Бұл ретте, ол телекоммуникациялар және пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері саласындағы қызмет түрімен айналысадын және Қазақстан Республикасының аумағында осындай кредиттік рейтингі бар субъектілердің тәуекелі үшін борыштық сыйақыларды ескере отырып айқындалады.

**Ескеरту.** 6-тармақ жаңа редакцияда - КР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 21.02.2023 № 60/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК